



**БҰЙРЫҚ**

17.04.2015 № 43

Қостанай қаласы

**ПРИКАЗ**

город Костанай

***Банкроттық басқарушысын  
тағайындау туралы***

2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттау туралы» Заңының 15 бабының 2 тармақшасына сәйкес, «Комплекс-Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (әрі қарай мәтін бойынша - ЖШС) банкрот деп тану туралы 2015 жылғы 17 ақпандағы Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі және 2015 жылғы 10 наурыздағы «Комплекс-Групп» ЖШС-нің несиегерлер жиналысының хаттамасының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Комплекс-Групп» ЖШС (БСН 090140008738) банкроттық басқарушысы болып Куйшенова Сауле Куанышпаевна тағайындалсын.

2. 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V Қазақстан Республикасы «Оңалту және банкроттау туралы» Заңының талаптарына сәйкес С.К. Куйшеноваға банкроттық басқарушының міндеттерін атқару жүктелсін.

3.Банкроттық басқарушы С.К. Куйшенова 2014 жылғы 7 наурыздағы №176-V Қазақстан Республикасы «Оңалту және банкроттау туралы» Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4.Осы бұйрықтың орындау бақылауы басшысының орынбасары Ш.Ә.Ануарбековке жүктелсін.

Департамент басшысы



А. Паяев